

Азаматтарды әскери қызметке шақыруды үйымдастыру және өткізу ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 30 маусымдағы № 623 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 15 мамырдағы № 620 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.05.15 № 620 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

"Әскери міндептілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоса беріліп отырған Азаматтарды әскери қызметке шақыруды үйымдастыру және жүргізу ережесі бекітілсін.

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 6 мамырдағы N 559-29 қаулысы;

2) "Жастарды әскери қызметке даярлау және азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 22 қантардағы N 76 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУКЖ-ы, 2003 ж., N 3, 34-құжат);

3) "Қазақстан Республикасы халқын тіркеудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 21 шілдедегі N 761 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін езгерістер мен толықтырулардың 5-тармағы (Қазақстан Республикасының ПУКЖ-ы, 2005 ж., N 31, 404-құжат).

3. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министри

Қазақстан Республикасының

Үкіметінің

2006 жылғы 30 маусымдағы

N 623 қаулысымен бекітілген

Азаматтарды әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру және өткізу ережесі 1-тaraу. Негізгі ережелер

1. Осы Азаматтарды әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру және өткізу ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңына (бұдан әрі - Заң) сәйкес әзірленді.

2. Осы Ереже мыналарды айқындаиды:

1) азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру және өткізу тәртібін;

2) запастағы офицерлерді әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру және өткізу тәртібін;

3) әскери жиындарға шақыруды ұйымдастыру және өткізу тәртібін;

4) жұмылдыру бойынша және соғыс уақытында шақыруды ұйымдастыру және өткізу тәртібін.

2-тaraу. Азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру және өткізу тәртібі

3. Азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыру Заңының 23-бабының 1-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

4. Жергілікті атқарушы органдар өз күзыretі шегінде әскери міндеттілік және әскери қызмет мәселелері жөніндегі заңнаманы орындауды ұйымдастырады және қамтамасыз етеді.

5. Заңға сәйкес азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру мен өткізу үшін аудандарда (облыстық маңызы бар қалаларда) жергілікті атқарушы органның шешімімен аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) шақыру комиссиялары құрылады.

6. Аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) шақыру комиссияларына мыналар жүктеледі:

шашырылышыларды және әскери оқу орындарына түсетін азаматтарды медициналық куәландыруды ұйымдастыру;

шашырылышыларды мерзімді әскери қызметке шақыру және Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының әскер түрлері мен тектері бойынша тағайындау туралы шешім қабылдау;

Заңның 27, 28-баптарына сәйкес азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыру және шақырудан босату.

7. Білім беру үйымдарының және меншік нысанына қарамастан өзге де үйымдардың басшылары шақырылышыларды іссапарлардан (демалыстардан) шақырып алады, оларды хабардар етуді үйымдастырады және шақыру пунктіне уақтылы **келулерін** **қамтамасызын** **етеді.**

Мерзімді әскери қызметке шақыруға жататын шақырылышылар жергілікті әскери басқару органдарының шақыруы бойынша аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) шақыру комиссиясынан өту үшін шақыру пунктіне келеді.

8. Шетелде уақытша тұратын Қазақстан Республикасының азаматтарын мерзімді әскери қызметке шақыру олар Қазақстан Республикасына тұрақты тұруға келісімен, шақыруды кейінге қалдыруға немесе босатуға құқығы болмаған жағдайда **Заңға сәйкес жүзеге асырылады.**

Шақырылыш шетелге қызметтік іссапарға шығатын кезде тиісті мемлекеттік органның өтініші негізінде қорғаныс істері жөніндегі басқарма (бөлім) осы Ережеге 1-қосымшага сәйкес тиісті анықтама береді.

9. Азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыру және олардың шақыру пункттеріне келуі туралы хабарлауды жергілікті әскери басқару органдарының лауазымды адамдары шақыру қағазбен немесе жұмыс (оку) орны бойынша үйым басшылары **қолын қоя отырып жүргізеді.**

Шақыру комиссиясына шақырылатын жылы он сегіз жасқа толатын Қазақстан Республикасының азаматтары, сондай-ақ мерзімді әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыру құқығы аяқталған азаматтар шақырылады. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарына жөнелту мерзімді әскери қызметке шақырылудан босатылған және шақыруды кейінге қалдыруға құқығы бар адамдарды қоспағанда, шақырылышы он сегіз жасқа толысымен жүзеге асырылады.

10. Шақырылышылардың аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) шақыру комиссияларына дәлелді себептерсіз келмеген, сондай-ақ азаматқа шақыру қағазын жеке өзіне беру мүмкін болмаған барлық жағдайларда қорғаныс істері жөніндегі басқармалардың (бөлімдердің) бастықтары оларды іздестіру және келуін қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарына хабарлайды. Шақырудан қасақана жалтарып, сондай-ақ азаматтардың шақыру пункттеріне уақтылы келуіне кедергі келтірген адамдарға жиналған материалдар қолданыстағы заңнамаға сәйкес оларды жауапкершілікке тарту үшін тиісті органдарға тапсырылады.

11. Мыналар азаматтардың шақыру пункттеріне келмеуінің дәлелді себептері
б о л ы п т а н ы л а д ы :

еңбек қабілетін жоғалтуымен байланысты ауруы (жарақаты);
басқа адамның көмегіне мұқтаж, толық мемлекеттік күтімге алынбаған, Қазақстан Республикасының аумағында олармен бірге немесе бөлек тұратын

жақын туыстары немесе заң бойынша отбасы мүшелерін асырауға міндettі басқа да адамдар болмаған жағдайда шақырылушы адамның тарапынан күтімді талап ететін жақын туысының қайтыс болуы немесе науқастануы;

азаматтың жеке өзінің келу мүмкіндігінен айырған табиғи немесе техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар (жер сілкінісі, сел, қар көшкіні, су тасқыны, өрт және басқалар).

Келмеу себептері тиісті құжаттармен расталуы тиіс.

12. Шақырылышыларды медициналық куәландыру тәртібі және медициналық комиссиялардың құрамы заңнамаға сәйкес белгіленеді.

Медициналық куәландыру жабдықталған, осы жұмыс үшін арнайы бейімделген шақыру (жиын) пункттерінде жүргізіледі.

Шақыру пунктіндегі медициналық персоналдың жұмысына басшылықты дәрігер, медициналық комиссияның төрағасы - әскери-дәрігерлік сараптама саласында қажетті білімі мен жұмыс тәжірибесі бар, неғұрлым білікті дәрігер-мамандардың қатарынан тағайындалатын шақыру комиссиясының мүшесі жүзеге асырады.

13. Аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) шақыру комиссиялары шақырылышылар мен әскери оқу орындарына түсетін азаматтарды медициналық куәландыру нәтижелері бойынша Заңның 20-бабының 3-тармағына сәйкес шешім шығарады.

14. Аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) шақыру комиссиясы азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыру және Қазақстан Республикасы Қарулы Қүштерінің тиісті түрі мен тегіне, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарына тағайындау туралы шешім қабылдау кезінде олардың өндірістік біліктілігі мен мамандығын, денсаулық жағдайын ескереді, осыған байланысты, әдeттe :

зымыран, авиация, броньды танк техникасын және радиотехникалық аппаратура шығаруға байланысты ұйымдарда жұмыс істейтін шақырылышылар тиісті әскер түрлері мен тектерін жасақтауға жіберіледі;

режимді және арнайы бөлімдерді жасақтау үшін көрсетілген командаға алдын ала іріктелген шақырылышылар жіберіледі;

әуе-десант әскерлерін жасақтау үшін шақырылышыларды бірінші кезекте парашютші спортшылар қатарынан іріктеу жүзеге асырылады. Шақырылышылардың кемінде орта білімі, жақсы дене бітімі (бойы 170 см-ден кем емес) болуы тиіс.

Республикалық ұланды жасақтау үшін дене дайындығы жақсы (бойы 178 см-ден төмен емес), кемінде орта білімі бар шақырылышыларды басым тәртіппен іріктеу жүзеге асырылады;

жоғары білімі бар шақырылышылар оқу бөлімдеріне олардың біліміне және

әскери дайындық бейініне үқсас мамандықтар бойынша жіберіледі;

заң факультетін бітірген шақырылушылар Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ішкі әскерлеріне жіберіледі;

математика, физика және инженерлік-экономикалық факультеттерді бітірген шақырылушылар радиотехникалық, зениттік-зымыран бөлімдеріне, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының барлық түрлерінің байланыс бөлімдеріне жіберіледі;

ауыл шаруашылығын механикаландыру және электрлендіру бітірген шақырылушылар танк, авиация, зениттік-зымыран бөлімдеріне және Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің азаматтық қорғаныс бөлімдеріне, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ішкі әскерлеріне жіберіледі;

сәулет, көркемсурет және кинотехникалық факультеттерді бітірген шақырылушылар инженерлік-саперлік бөлімдерге жіберіледі;

медицина және фармацевтика факультеттерін бітірген шақырылушылар Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарына тиісінше медицина және фармацевтика қызметтеріне жіберіледі;

егіз ағайындылар, егер олар мерзімді әскери қызметке бір мезгілде және бір шақыру комиссиясымен шақырылса және білімі мен арнайы дайындығы, денсаулық жағдайы мен дене бітімінің дамуы бойынша және басқа да деректері жөнінен бірдей болса, бірге бір әскери бөлімде қызмет ету үшін жіберілуге тиіс.

15. Мерзімді әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыру Заңның 27-бабына сәйкес аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) шақыру комиссиясының шешімімен беріледі.

16. Отбасы жағдайы бойынша мерзімді әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыру азаматтарға ұсынылған құжаттар мен олардың отбасы жағдайын тексерудің негізінде беріледі және осы мәселені алғашқы қараған кезде бір рет қабылданады.

Тексеруді жергілікті атқарушы органның, қорғаныс істері жөніндегі басқарманың (бөлімнің), білім беру үйімдары мен өзге де мекемелердің өкілдерінен құралған комиссиялар жүргізеді. Тексеру нәтижелері бойынша комиссия осы Ережеге 2-қосымшага сәйкес шақырылушының отбасы жағдайын тексеру актісін жасайды. Аталған акт шақырылушыға мерзімді әскери қызметке шақырудан кейінге қалдыруды ұсыну кезінде жасалады.

Кейіннен қорғаныс істері жөніндегі басқармалар (бөлімдер) әрбір шақыру алдында отбасы жағдайы бойынша шақырудан кейінге қалдырылған адамдарға тиісті мекемелер мен үйімдардан шақырылушының отбасы жағдайы деректерді растайтын анықтама сұратады. Көрсетілген анықтамалар шақырылушының жеке ісіне тігіледі.

17. Отбасы жағдайы бойынша шақыруды кейінге қалдыру негізdemесін жоғалтқан адамдар мерзімді әскери қызметке жалпы негіздерде шақырылады.

18. Азаматтарға білім алуын жалғастыру үшін шақыруды кейінге қалдыру туралы шешім осы Ережеге 3-қосымшаға сәйкес білім беру ұйымдарында шақырылышыға берілетін анықтаманың негізінде шығарылады және шақырылышының аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) шақыру комиссиясынан бастапқы өтуі кезінде бір рет қабылданады.

Кейіннен қорғаныс істері жөніндегі басқармалар (бөлімдер) жыл сайын 1 қазанға дейін тиісті білім беру ұйымдарынан шақырылышылардың оқуларын жалғастырып жүргенін растайтын анықтамаларды сұратады. Көрсетілген анықтамалар шақырылышының жеке ісіне тігіледі.

Білімін жалғастыру үшін шақыруды кейінге қалдыруды ресімдеу шақырылышыларды аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) шақыру комиссиясына шақырумен, оларды медициналық куәландырудан өткізбестен жүргізіледі. Осындаш шақырылышылардың денсаулық жағдайы туралы деректер осы Ережеге 4-қосымшаға сәйкес оларды шақыру участекелеріне тіркеу кезінде медициналық куәландырудың нәтижелері негізінде аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) шақыру комиссияларының хаттамалар кітabyна енгізіледі.

19. Денсаулық жағдайы бойынша мерзімді әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыру медициналық куәландыру кезінде әскери қызметке уақытша жарамсыз деп танылған азаматтарға шақыру комиссиясының шешімімен бір жыл мерзімге дейін беріледі. Осы мерзім өткеннен кейін әскери қызметке жарамдылығы туралы түбекейлі қорытынды шығарылады.

20. Азаматтарға басқа да себептер бойынша мерзімді әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыру Заңға сәйкес беріледі.

ЕскеRTу. 20-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.10.18. N 1005 қаулысымен.

21. Мерзімді әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыруды беру туралы аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) шақыру комиссияларының шешімдері аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) шақыру комиссияларының хаттамалар кітabyна, кейінге қалдыруды беру мерзімін және негізdemесін көрсете отырып, шақырылышылардың есепке алу карталарына және тіркеу туралы куәлігіне жазылады.

22. Шақыруды кейінге қалдыруға құқығы бар шақырылышылар өздерінің қалауы бойынша өз еркімен бас тарту туралы өз қолымен жазылған және нотариалдық куәландырылған өтінішін, олардың келіскендігі туралы мүдделі адамдар мен халықты әлеуметтік қорғау органдарының нотариалдық куәландырылған құжатын ұсынған жағдайда мерзімді әскери қызметке шақырылуы мүмкін.

23. Бейбіт уақытта әскери қызметке шақырудан босату Заңның 28-бабына сәйкес аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) шақыру комиссиясының шешімімен беріледі. Мерзімді әскери қызметке шақырудан босатылған барлық азаматтарға әскери билеттер жазылады және олар запастағы әскери міндеттілердің әскери есебіне беріледі.

24. Аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) шақыру комиссиялары бейбіт уақытта әскери қызметке жарамсыз деп танылған және осыған байланысты әскери міндеттілердің әскери есебіне алынған адамдар бейбіт уақытта медициналық қайта қуәландыруға жатпайды.

25. Аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) шақыру комиссиясының төрағасы шақыру комиссиясының жұмысын, оның мүшелерінің толық құрамында отырыс өткізуді қамтамасыз етеді және азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақырумен, оларды мерзімді әскери қызметке шақырудан кейінге қалдыруды немесе босатуды берумен байланысты құжаттардың уақтылы және дұрыс ресімделуі үшін тұрақты бақылау жасауды жүзеге асырады.

26. Аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) шақыру комиссиясының шешіміне сәйкес мынадай талаптарды сақтай отырып құжаттарды ресімдеу жүргізіледі:

шақырылушының есептік-қызметтік карточкасында шақырылушының денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметке жарамдылық санаты, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының қай әскер түрі мен тегіне тағайындалғаны туралы аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) шақыру комиссиясының шешімі жазылады;

отбасы жағдайы бойынша, білімін жалғастыру үшін, денсаулық жағдайы бойынша және басқа да себептер бойынша мерзімді әскери қызметке шақырудан кейінге қалдыруды алған адамдардың шақыру участекіне тіркеу туралы қуәліктеріндегі "Шақыру комиссиясынан өту нәтижелері" бөлімінде қорғаныс істері жөніндегі басқарма (бөлім) бастығының қолымен және елтаңбалы мөрмен бекітілетін тиісті жазба жазылады;

бейбіт уақытта әскери қызметке жарамсыз, соғыс уақытында шектеулі түрде жарамды деп танылған, сондай-ақ әскери есептен шығарылумен әскери қызметке жарамсыз деп танылған адамдарға шақыру комиссиясының хаттамалар кітабынан үзінді көшірмелер толтырылады. Денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметтен кейінге қалдырылған немесе босатылған барлық азаматтардың жеке істері зерделеу үшін облыстық (республикалық маңызы бар қала мен астананың) шақыру комиссияларына жіберіледі. Құжаттарды тексерудің нәтижелері бойынша облыстық (республикалық маңызы бар қала мен астананың) шақыру комиссиясы шақырылушының есептік карточкасында аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) шақыру комиссиясының шешімін бекіту туралы немесе

азаматты қайта қуәландыруға жіберу туралы белгі соғады. Сондай-ақ денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметке жарамдылық санаты туралы аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) шақыру комиссиясының шешімімен келіспеген азаматтар қайта қуәландыруға жатады. Аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) шақыру комиссиясының шешімі бекітілгеннен кейін запас бойынша есептік-әскери құжаттар ресімделеді.

Есептік-әскери құжаттар ресімделгеннен кейін үш данада тізім жасалады және шақырылышылардың есепке алу карталарымен қоса әскери билеттер жазып беретін қорғаныс істері жөніндегі департаменттердің есепке алу бөліміне ұсынылады. Шақырылышылардың есепке алу картасында онда әскери билеттің үзінді көшірмесінің сериясы, нөмірі мен күні белгілене отырып, әскери билеттермен тізімнің екінші данасы қорғаныс істері жөніндегі басқармаға (бөлімге) қайтарылады.

27. Мерзімді әскери қызметке шақырылған азаматтар, олардың ата-аналары және өзге де мүдделі адамдар аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) шақыру комиссиясы шығарған шешіммен келіспеген жағдайда заңнамаға сәйкес шағымдана алады.

28. Аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) шақыру комиссиясының шешіміне сәйкес мерзімді әскери қызметке шақырылған азаматтар ұйымдастырылған түрде облыстық жиын пунктіне келеді. Оларды жеткізу үшін қорғаныс істері жөніндегі басқарманың (бөлімнің) қызметкерлері қатарынан бірге журушілер тағайындалады. Бірге журушілерге осы Ережеге 5-қосымшага сәйкес атаулы тізімнің үш данасы және мөр басылған түрде жеке істер, есептік-қызметтік карточкалар, амбулаторлық науқастың медициналық картасына жасаеспірімге арналған қосымша парапттар беріледі.

Атаулы тізімнің N 1 және 2-даналары облыстық жиын пунктінің бастығына беріледі, ал облыстық жинау пунктінің бастығы команданы қабылдап алғандығына қол қоятын N 3 данасы бірге журушілермен қоса қорғаныс істері жөніндегі басқармаға (бөлімге) қайтарылады.

Атаулы тізімнің N 2 данасы команданы облыстық жиын пунктінен жөнелткен күні қорғаныс істері жөніндегі басқармаға (бөлімге) қайтарылады. Онда жіберілген әрбір азаматтың тегінің тұсына: қашан (күні, айы мен жылы) және қандай әскери команда жөнелткені немесе қорғаныс істері жөніндегі басқармаға (бөлімге) қандай себеппен қайтарылғаны туралы белгі қойылады. Тізімнің осы данасына облыстық жиын пунктінің бастығы қол қояды және қорғаныс істері жөніндегі елтаңбалы мөрімен куәландырылады.

Облыстық жиын пунктінен алынған атаулы тізімнің N 2 данасы қорғаныс істері жөніндегі басқармада (бөлімде) кіріс журналы бойынша ескеріледі. Осы тізімнің негізінде есептік-әліпбилік кітаптың тиісті бағанында әскерге

жөнелтілген әрбір шақырылушиның тегінің тұсында: "200 ____ жылы ____ N ____ әскери командамен жөнелтілді" деген белгі қойылады, содан кейін осы тізім қорғаныс істері жөніндегі басқарманың (бөлімнің) істеріне тігіліп, 10 жыл бойы сақталады.

Атаулы тізімнің N 1 данасы тізімге енгізілген адамдардың қашан және қандай әскери командамен жөнелтілгені немесе қорғаныс істері жөніндегі басқармаға (бөлімге) қандай себептермен қайтарылғаны туралы белгілермен қорғаныс істері жөніндегі департаменттің ісіне тігіледі және 10 жыл бойы сақталады.

29. Заңға сәйкес аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) шақыру комиссияларының қызметіне басшылық жасау және бақылау үшін облыстарда және Астана мен Алматы қалаларында тиісті облыстық (республикалық маңызы бар қала мен астананың) шақыру комиссиялары құрылады.

30. Облыстық (республикалық маңызы бар қала мен астананың) шақыру комиссиялары Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарына жөнелту алдында тікелей облыстық жиын пунктінде аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) шақыру комиссиясымен мерзімді әскери қызметке шақырылған адамдарды медициналық тексеруден еткізеді.

31. Облыстық жиын пунктіндегі медициналық тексеру нәтижесінде әскери қызметке кедергі келтіретін ауруы анықталған шақырылушилар шақырылған жері бойынша қорғаныс істері жөніндегі басқармаға (бөлімге) жіберіледі.

Облыстық жиын пунктінен қорғаныс істері жөніндегі басқармаға (бөлімге) қайтарылған шақырылушилар осы Ережеге 6-қосымшаға сәйкес облыстық жиын пунктінен қайтарылған шақырылушиларды есепке алу кітабына енгізіледі.

Қайтарылатын әрбір шақырылушиға облыстық (республикалық маңызы бар қала мен астананың) шақыру комиссиясының төрағасы қорғаныс істері жөніндегі басқарма (бөлім) бастығының атына осы Ережеге 7-қосымшаға сәйкес шақырылушиның қайтару себебін көрсетіп қызметтік хат жібереді. Бұл қызметтік хат шақырылушиның жеке ісіне тігіледі.

Қорғаныс істері жөніндегі басқармалардың (бөлімдердің) бастықтары облыстық жиын пунктінен қайтарылған барлық адамдарды облыстық жиын пунктінен алынған жаңа деректерді ескере отырып, мерзімді әскери қызметке шақыру мәселесін шешу үшін шақыру комиссиясына қайта шақырады.

Облыстық жиын пунктіндегі дәрігерлердің жұмысы Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, басқа да әскерлері мен әскери құралымдары үшін шақырылушиларды медициналық тексерудің соңғы кезеңі болып табылады. Медициналық тексеру кезінде денсаулық жағдайы бойынша жарамсыз

азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды болдырмау үшін аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) шақыру комиссияларының ықтимал қателері анықталады.

32. Облыстық (республикалық маңызы бар қала мен астананың) шақыру комиссиясы қайта медициналық куәландыруды өткізу мерзімі, орны және куәландыруға жататын азаматтар туралы аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) шақыру комиссияларын хабардар етеді. Қайта медициналық куәландыруға азамат жеке ісімен және қойылған диагнозы мен шығарылған қорытындысы бар медициналық құжаттарымен жіберіледі. Егер қайта куәландыру нәтижесінде азаматтың әскери қызметке жарамдылық санаты өзгерсе, дәрігер-маман медициналық куәландыру парагын ресімдейді, ал облыстық (республикалық маңызы бар қала мен астананың) шақыру комиссиясы төмен тұрған комиссияның шешімінің күшін жояды және хаттамалар кітабында ресімделетін және азаматқа хабарланатын өз шешімін шығарады. Шақырылушиның есепке алу картасы, медициналық куәландыру парагы, сондай-ақ қорғаныс істері жөніндегі департаменттің мөрімен расталған облыстық (республикалық маңызы бар қала мен астананың) шақыру комиссиясының хаттамалар кітабынан үзінді көшірме шешімі қайта қаралған шақыру комиссиясына жіберіледі. Егер қайта куәландырудың нәтижесінде аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) шақыру комиссиясының шешімі өзгермесе, хаттамалар кітабы мен есепке алу картасында оның бекітілгені туралы жазба жасалады, бұл ретте медициналық куәландыру парагы ресімделмейді.

33. Облыстық (республикалық маңызы бар қала мен астананың) шақыру комиссияларының сонымен қатар шақырылуши азаматтардың, олардың ата-аналары мен өзге де мұдделі адамдардың шақыру мәселелері бойынша шағымдарын қаралу жүктеледі.

Аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) шақыру комиссиясының шешімінен шақырылушиның және басқа да адамдардың шағымдары осы шешімнің орындалуын тоқтатпайды.

34. Аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) шақыру комиссияларының жұмысы және азаматтарды Қарулы Күштерге, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарға шақыру аяқталғаннан кейін облыстық (республикалық маңызы бар қала мен астананың) шақыру комиссиялары мынадай жұмыстарды жүргізеді:

аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) шақыру комиссиялары төрағаларының: шілдеде - көктемгі шақырудың қорытындылары бойынша қаңтарда - күзгі және тұтастай алғанда бір жылғы шақырулардың қорытындылары бойынша атқарған жұмыстары туралы егжей-тегжейлі есептер тұндаиды;

аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) шақыру комиссияларының

шақырылушыларды мерзімді әскери қызметке шақырудан босату туралы және 27 жасқа толған адамдарды запасқа беру туралы шығарған шешімдерінің
дұрыстығын тексереді;

бейбіт уақытта әскери қызметке жарамсыз, соғыс уақытында шектеулі түрде жарамды және әскери есептен шығара отырып, әскери қызметке жарамсыз деп танылған, сондай-ақ денсаулық жағдайы бойынша шақырылудан кейінге қалдырылған шақырылушылардың барлық жеке істерін тексеруді жүргізеді;

азаматтарға Заңда көзделген мерзімді әскери қызметке шақыруды кейінге қалдырудың дұрыстығына тексеру жүргізеді.

Құжаттарды тексеру нәтижелері бойынша шақырылушының есепке алу картасында және хаттамалар кітабынан үзінді көшірмеде аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) шақыру комиссиялары аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) шақыру комиссиясының шешімін бекіту туралы (белгіленген үлгідегі мөртабанмен және қорғаныс істері жөніндегі департаменттің елтаңбалы мөрімен) немесе азаматты қайта куәландыруға жіберу туралы белгі жасалады.

Аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) шақыру комиссиялары қабылдаған шешімдерді тексеру нәтижелері осы Ережеге 8-қосымшага сәйкес облыстық (республикалық маңызы бар қала мен астананың) шақыру комиссиясының хаттамалар кітабына енгізіледі.

35. Жергілікті әскери басқару органдары Заңға сәйкес жабдықталған жиын пункттерімен мынадай мақсатта қамтамасыз етіледі:

шақырылушылармен әскери командаларды жасақтау;

командаларды әскери командаларды қабылдап алу және ілесіп жүру үшін әскери бөлімдерден келген өкілдерге беру;

әскери командаларды қажетті мүлікпен және тағайындалған жерге дейінгі жолға қажетті тамақпен қамтамасыз ету;

командаларды Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарына ұйымдастын түрде жөнелту.

Облыстық жиын пункттерінде шақырылғандардың ішінен жекелеген адамдар науқастану немесе басқа да себептермен кейінге қалдырылған жағдайда командаларды толықтыру үшін қажеттілігіне қарай пайдаланылатын әскери командалармен жөнелтілетіндердің санынан 1 пайызға дейінгі мөлшерде шақырылушылар резервінің болуына рұқсат етіледі. Облыстық жиын пункттерінде резервте тұрған шақырылушыларды 2 күннен артық ұстауға жол берілмейді.

36. Облыстық жиын пунктінде:

қорғаныс істері жөніндегі басқармалардан (бөлімдерден) келетін жеке құрамды орналастыру үшін үй-жай;

жеке құрамды санитарлық тазартуға арналған (монша, сусебезгі) үй-жайлар;

шақырылуши азаматтар арасында олар жиын пунктінде болған кезде тәрбие жұмысын жүргізуге арналған үй-жайлар;

әрбір дәрігер-маманға бір бөлме есебінен медициналық тексеруге арналған бөлмелер;

флюорографиялық тексеруге арналған кабинет;

әскери командаларды жасақтау бөлімшелері үшін үй-жай;

әскери командаларды әскери бөлімдерге қабылданап алу және ілесіп жүру үшін әскерлерден келген жеке құрамды орналастыруға арналған үй-жай;

тамактану пункті, буфет;

дезинфекциялық камералары бар санитарлық өткізуши, екі инфекция изоляторы, санитарлық тораптар;

жеке құрамды сапқа тұрғызу және олармен саптық және спорттық жаттығуларды өткізуге арналған орын болуы тиіс.

Барлық үй-жайлар, кабинеттер, санитарлық өткізуши санитарлық нормалар мен ережелерге сәйкес болуы тиіс.

Бұдан басқа, жиын пунктінде жиын пунктінің қолбасшылығын, кезекші қызметті және әскери тәртіпті сақтау үшін тағайындалатын басқа да адамдарды орналастыруға арналған орындар қарастырылуы тиіс.

37. Қорғаныс істері жөніндегі департаменттер бастықтары және олардың тәрбие, әлеуметтік және психологиялық жұмыс жөніндегі орынбасарлары облыстық жиын пункттерінде әзірленген жоспарларға сәйкес шақырылушилар арасында қажетті тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмысты ұйымдастырады, шығарып салуға келген ата-аналармен түсіндіру жұмысын жүргізеді, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың, қоғамдық ұйымдардың өкілдері мен шақырылушилардың ата-аналарының қатысуымен әскери командалардың жеке құрамын салтанатты түрде шығарып салуды ұйымдастырады.

Облыстық жиын пункттерінде, сондай-ақ жүру жолында шақырылушилармен тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмысты жүргізу кезінде жоғары ұйымдастырушылық пен тәртіпті қамтамасыз етуге, жергілікті тұрғындарға қатысты бұзақылық және басқа да адамгершілікке жат қылықтар жасауға жол бермеуге назар аударылады. Жүру жолында және тоқтаған жерлерде мінез-құлық ережелері мен қауіпсіздік шаралары, жеке құрамның әскери тәртіпті, мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қатаң сақтау қажеттілігі түсіндірледі.

38. Әскери командаларды қабылданап алуға және ілесіп жүруге тағайындалған жеке құрам облыстық жиын пункттеріне әскери командалардың жөнелтілуйне дейін 2 тәулік бұрын келуге тиіс.

Әскери командаларды қабылданап алу және ілесіп жүру үшін әскерлерден келген жеке құрам облыстық жиын пунктінің бастығына бағынады. Ол облыстық жиын пунктінің қолбасшылығымен бірлесіп әскери командаларды құрады, жеке

істері бойынша әңгімелесу жолымен шақырылушыларды зерделейді, жеке құрамды ас ішуге, санитарлық қараудан өтуге ілесіп жүреді және облыстық жиын пунктінің жұмыс тәртібіне сәйкес басқа да іс-шараларға қатысады.

39. Команда жетекшілеріне әскери командаларға ілесіп жүру құқығына сенімхат беріледі.

40. Облыстық жынын пункттерінде шақырылған азаматтар осы Ережеге 9-көсімшага сәйкес атаулы тізім бойынша команданың бастығына тапсырылады.

Атаулы тізім жөнелтілетін әскери команданың әрқайсысына 4 данада жасалады. N 1 және 2 даналары есептік-қызметтік карточкаларымен, амбулаторлық науқастың медициналық картасына шақырылуышыға қосымша парақтарымен әскери команданың бастығына табыс етіледі. Тізімнің N 3 данасы әскери команда бастығының шақырылуышыларды қабылдағаны туралы қолхатымен қорғаныс істері жөніндегі департаментте қалады. Тізімнің N 4 данасы әскери билеттерді беру ведомосімен бірге тігіледі.

Бұдан басқа, әскери команда бастығына әскери бөлімге дейінгі жүру жолына тасымалдау құжаттары тапсырылады.

41. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарына мерзімді әскери қызметке шақырылған азаматтарды тасымалдау шығыстарын өтеуді олар ұсынған шоттар бойынша тиісті мемлекеттік органдарға республикалық бюджетте осы мақсаттарға көзделген қаражат шегінде тікелей тасымалдауды жүзеге асыратын үйимдар жүргізеді.

42. Команда жетекшілері белгіленген жерге келгеннен кейін жеке құрамды атаулы тізім мен есептік-қызметтік карточкалар бойынша қабылдау пункттерінің бастықтарына тапсырады. Осылайда тиісті бастықтарға әскери тәртіптің жағдайы туралы және жүру жолындағы оның барлық бұзылу оқигалары түралы **баяндайды**.

Қабылдау пункттерінде тізімнің бірінші данасының 8-бағанында әрбір тегінің тұсына шақырылуышының қашан және қандай әскери бөлімге (орналасу пунктін көрсетпей бөлімнің шартты нөмірі) мерзімді әскери қызметті өткеруге жіберілгені туралы белгі қойылады. Тізімнің осы данасы шақырылуышыларды қабылдау аяқталған соң командирлердің (бастықтардың) өкімімен қабылдау пункті құрылған әскери бөлімге беріледі. Жаңа буынды қабылдау туралы белгісі бар, елтаңбалы мөрмен куәландырылған екінші данасы жаңа буын келген қорғаныс істері жөніндегі департаментке жіберіледі. Әскери бөлімдерден келген атаулы тізімдері бар істер 10 жыл бойы сақталады.

3-тарау. Запастағы офицерлерді әскери қызметке шакыруды үйымдастыру мен өткізу тәртібі

43. Запастағы офицерлерді офицерлік құрам лауазымына әскери қызметке шақыру Заңның 24-бабына сәйкес жүргізіледі.

44. Запастағы офицерлерді шақыру үшін іріктеуді өткізу кезінде жасақтау үшін офицерлер тағайындалатын әскери бөлімдердің өкілдері іріктеу жөніндегі комиссияның құрамына енгізуі мүмкін.

45. Жергілікті әскери басқару органдарының бастығы әскери бөлімнің (мекеменің) өкілімен бірлесіп, шақырылуға жататын запастағы офицерлерді зерделеу және іріктеу жөніндегі жұмысты жүргізеді.

46. Запастағы офицер шақырылатын Қарулы Құштер түрлерінің бас қолбасшылары, әскер тектерінің, өңірлік қолбасшылықтардың қолбасшылары, әскери бөлімдердің командирлері, мекемелер бастықтары:

1) денсаулық жағдайына, моральдық-іскерлік қасиеттеріне, отбасы жағдайына назар аудара отырып жеке әңгімелеседі, қажет болған жағдайда кандидатты қосымша тексеру мен медициналық тексеру туралы шешім қабылдайды, кәсіби даярлық деңгейін анықтау үшін жалпы сауалнама өткізеді;

2) әңгімелесуді жүргізу нәтижелері бойынша іріктелген кандидатпен зерделеу
паратын ресімдейді;

3) шақыруға кандидатты алдын ала зерделеу және іріктеу үшін қажетті білім деңгейі және қызмет тәжірибесі бар офицерлер қатарынан өкілдер тағайындаиды ;

4) аумақтық жасақтау қағидатын ескере отырып, одан әрі әскери қызмет өткери үшін запастағы офицерлерді әскери лауазымдар бойынша алдын ала бөлуді жоспарлады ;

5) әскери бөлімнің (бөлімшелердің) тәрбие құрылымының командирлерімен, офицерлерімен запастан шақырылған офицерлермен жұмыс жүргізу нысандары мен әдістері бойынша сабактар (нұсқамалар) өткізеді.

47. Шақыру үшін іріктелген кандидаттарға материалдарды ресімдеу тек Ереженің 45 және 46-тармақтарында көрсетілген лауазымды адамдар зерделегеннен кейін жүргізіледі.

Ескерту. 47-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.10.18. N 1005 қаулысымен.

48. Запастағы офицерлер қатарынан шақыруға іріктеліп алынған кандидаттар әскери қызметке жарамдылық тұрғысында медициналық куәландыруға жіберіледі .

Бұл ретте кандидаттарды іріктеуді жүзеге асыратын лауазымды адам медициналық тексеру картасының, жеке ісінің және басқа да шақыру құжаттарының толық және сапалы толтырылуын тексереді. Жергілікті әскери басқару органдарының бастығы арнайы тексеру өткізу үшін тиісті органдарға сұрау
салуды ресімдейді .

Кандидаттың әскери қызметке жарамдылығы туралы шешім медициналық куәландыру мен арнайы тексеруді жүзеге асыратын тиісті органдардың жауаптарының нәтижелері бойынша қабылданады.

49. Әскери бөлімдердің лауазымды адамдары ірікте алған және әскери қызметке шақыруға жарамды кандидаттардың тізімі тиісті командирмен (бастықпен) келісілгеннен кейін жергілікті әскери басқару органдарына жіберіледі.

50. Запастағы офицерлерді шақыру кезінде жергілікті әскери басқару органдарының бастығы мынадай құжаттарды ресімдейді және ұсынады:

1) қызметтік картас;

2) жеке ісі;

3) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі көшірмесі;

4) шақыруға кандидаттың зерделеу парагы;

5) туберкулез, тері-венерологиялық, психоневрологиялық және наркологиялық диспансерлерден, флюорография, ЭКГ нәтижелері, зәр мен қанның жалпы анализдерінің, RW (Вассерман реакциясы) және АҚТҚ инфекциясына қан анализдерінің анықтамаларын қоса медициналық куәландыру картасы;

6) түрғылықты жері бойынша ішкі істер органдарының анықтамасы;

7) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есеп комитетінен анықтама;

8) зейнеткерлік шартының көшірмесі;

9) әлеуметтік жеке кодтың көшірмесі.

51. Үәкілетті органдарының басшысы офицерлер лауазымына шақыруға жататын запастағы офицерлерге жергілікті әскери басқару органдарынан ұсынылған материалдар бойынша жеке құрам бойынша шақыру туралы бұйрық шығарады.

52. Запастағы офицерлерді шақыру туралы жеке құрам бойынша бұйрықтардан үзінді көшірмелер тиісті әскери бөлімдер (мекемелер) мен жергілікті әскери басқару органдарына жіберіледі.

53. Әскери бөлімнің (мекеменің) командирі жеке құрам бойынша бұйрықтан үзінді көшірмені алған сәттен бастап жергілікті әскери басқару органдарына сұрау салуды жібере отырып, запастан шақырылған офицерлердің келуін бақылауды жүзеге асырады, қызмет орнына кету мерзімін нақтылады.

54. Шақырылған офицердің жеке ісі алдын ала белгіленген тәртіппен әскери қызмет орнына кетуі туралы ұйғарымды бергенге дейін жіберіледі.

55. Жергілікті әскери басқару органдарының бастығы шақырылушы офицерге ұйғарымды тапсырады және оның әскери бөлімге (мекемеге) кетуін бақылауды жүзеге асырады. Офицерлердің әскери бөлімге келуін жергілікті әскери басқару органдарының бастығы мен әскери бөлімнің командирі бақылайды.

56. Әскери бөлімнің (мекеменің) командирі офицер әскери бөлімге (мекемеге) келісімен әскери бөлімнің жеке құрамының тізіміне қабылдау туралы бұйрық шығарады және үлестің барлық түріне қоюды жүргізеді, баяндауды жүзеге асырады, жергілікті әскери басқару органын хабардар етеді және офицерлердің есептік мәліметтерін нақтылауды жүргізеді.

57. Запастан шақырылған офицерлер әскери бөлімге келгеннен кейін командир (бастық) мынадай нұсқаулар береді:

1) әлеуметтік-демографиялық деректерін, бейімін, қабілеті мен даярлық деңгейін зерделеу мақсатында әңгіме жүргізу туралы;

2) взвод (рота) өмірінің, тұрмысының және жауынгерлік жаттығудың барлық ерекшеліктерімен, техника мен қару-жараптың жай-куйімен таныстыру туралы, бөлімше алдында тұрған негізгі міндеттерді жеткізеді;

3) сынақ тапсырумен функционалдық міндеттерін, жауынгерлік даярлықты ұйымдастыруды, қару-жарап пен әскери техникины пайдалануды регламенттейтін басшылық құжаттарды зерделей отырып, жиындар өткізу т у р а л ы ;

4) оқу пәндері бойынша әдістемелік-нұсқамалық сабактар өткізу туралы;

5) атыстан, жауынгерлік машиналарды жүргізуден, техникины пайдалану мен қызмет көрсету кезінде нормативтерді орындаудан бақылау сабактарын өткізу т у р а л ы ;

6) даярланған офицерлер қатарынан тәлімгерлер тағайындау қалыптасуға, тұрмыстық-әлеуметтік мәселелерді шешуге көмек көрсету туралы;

7) тұрғын үй заңнамасына сәйкес тұрғын үймен қамтамасыз ету туралы;

8) қызмет орнына үй заттарын жеткізу, әйелдерін жұмысқа орналастыру, балаларын мектеп жасына дейінгі мекемелер мен мектептерге орналастыру мәселелерін шешуге көмек көрсету туралы.

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскер тектері мен түрлерінің, өнірлік қолбасшылықтар мен әскери бөлімдердің кадр органдары офицер қызмет орнына келмеген жағдайда себебін нақтылайды және офицердің есептік деректерін, жеке құрам бойынша бұйрықтың нөмірін көрсете отырып, облыстардың қорғаныс істері жөніндегі департаменттеріне сұрау салады.

Нақтылаудан кейін әскери полиция органдарымен бірлесіп, іздестіру іс-шараларын жүргізеді, қабылданған шараларды көрсете отырып, шақырылған офицердің белгіленген мерзімде келмегені туралы жоғары тұрған кадр органына баяндауды жүзеге асырады.

4-тaraу. Әскери жиындарға шақыру

58. Әскери жиындар деп Қарулы Құштерде, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарда жауынгерлік және жұмылдыру даярлығын арттыру мақсатында оларды әскери бөлімдерге шақырумен әскери қызметшілердің, сондай-ақ әскери міндettілердің әскери дайындық, әскери білімін жетілдіру бойынша өткізілетін іс-шаралар

түсініледі.

Әскери жиындардың негізгі мақсаты бейбіт уақытта қысқартылған санда ұсталынатын әскери бөлімдердің жауынгерлік және жұмылдыру даярлықтарын арттыру, соғыс уақытында жасақтау аудандарында жұмылдыру және жасақтау кезінде Қазақстан Республикасының Қарулы Құштерін, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарын өрістетуге қажетті әскери-оқытылған ресурстарды даярлау және запаста жинақтау болып табылады.

59. Әскери міндettілер әскери жиындарға жоспарлы жылға запастағы контингенттің шақыру көлемін анықтайтын Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулысының негізінде шақырылады.

60. Әскери жиындарды өткізу жөніндегі нақты міндettter жыл сайын Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің бүйрықтарымен айқындалады.

61. Әскери міндettілерді даярлау сипаты мен мақсаттары бойынша әскери жиындар мыналай түрлерге бөлінеді:

1)	оқу-жаттығу	жиындары;
2)	арнағы	жиындар;

3) тексеру жиындары.

62. Тіркелген құрамның оқу-жаттығу жиындарында мыналар өткізіледі:
жұмылдыру мақсатына сәйкес міндettterді шешу үшін запастағы офицерлерді ,
сержанттарды және солдаттарды даярлау;
есепшоттарды, бөлімшелерді, бөлімдер мен құрамаларды соғыс уақытының штаттары мен ұйымдастырылуына жақындастырылған жағдайда жауынгерлік үйлестіру ;

жұмылдыру жоспарларымен көзделген жекелеген іс-шараларды тексеру.

63. Әскери міндettілерді даярлау, қайта даярлау және әскери білімдерін жетілдіру бойынша оқу-жаттығу жиындарында мыналар өткізіледі:

запастағы офицерлерді жоғары лауазымдарға даярлау;
запастағы сержанттар мен солдаттар қатарынан запастағы офицерлерді даярлау ;

жұмылдыру жоспары бойынша әскери міндettілердің әскери білімін жетілдіру және қару-жарап пен әскери техниканың жаңа түрлеріне, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қарулы Құштерін жасақтау үшін қажетті басқа да мамандықтарға даярлау.

64. Қару-жарапқа, техникаға және жұмсалмайтын қор мен ұзақ сақталатын қордағы мұліктерге қызмет көрсету жөніндегі оқу-жаттығу жиындарында әскери

міндеттілердің қызмет көрсетілетін техниканы зерделеуі, сондай-ақ оларды пайдалану мен жауынгерлік қолдану жөніндегі практикалық дағдыларға баулу жүргізіледі.

65. Тексеру жиындарында жұмылдыру жоспарына сәйкес әскери бөлімдерге тіркелген әскери міндеттілермен олардың әскери даярлықтары мен практикалық дағдыларын талап етілетін деңгейде ұстau жөнінде сабактар, сондай-ақ қару-жарақ пен техниканың жаңа түрлерінде оларды жауынгерлік қолдану жүргізу және қызмет көрсету жөніндегі өздерінің міндеттерін атқару бойынша жаттығулар өткізіледі.

66. Қарулы Күштерде әскери жиындарды жалпы жоспарлауды Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің құрамалары, бөлімдері мен бөлімшелері командирлерінің ұсыныстарын ескере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен әскери жиындарға шақыруға жататын әскери-оқытылған мамандардың жыл сайынғы мөлшері негізінде Қорғаныс министрлігінің Штабтар бастықтары комитеті жүзеге асырады.

67. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің түрлері, әскер тегі немесе қызметі бойынша әскери жиындар өткізу жөніндегі ұсыныстарды Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Штабтар бастықтары комитеті белгілеген бақылау тапсырмалардың негізінде тиісті штабтар мен басқармалар өзірлейді. Ұсыныстарда жиындар түрі, олардың өткізілетін орны мен мерзімі, әр мамандық бойынша жиындарға шақырылуға жататын әскери міндеттілердің және жиынға өрістету үшін жоспарланған нақты құрамалар, бөлімдер мен мекемелер

саны

көрсетіледі.

Режимдік бөлімдер мен мекемелерде, сондай-ақ әскери міндеттілер аса маңызды жұмыстармен, өте құпия және құпия техникамен және құжаттармен байланысты бөлімдер мен мекемелерде әскери жиындарды жоспарлау кезінде осы бөлімдерге жиындарға шақырылған әскери міндеттілердің рұқсат нысаны ұсыныстарда көрсетіледі. Әскери міндеттілер үшін рұқсат нысаны мерзімді әскери қызмет пен келісім-шарт бойынша әскери қызметшілердің үлгісіндегідей белгіленеді.

Офицерлік құрамды даярлауға, сондай-ақ тікелей штабтар мен басқармаларға бағынбайтын бөлімдердің, құрамалар мен әскери оқу орындарының базасында мамандар даярлауға қатысты ұсыныс бөлімдері тиісінше Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің кадрлар және ұйымдастыру-жұмылдыру жұмыстары департаменттерімен келісіледі.

Тиісті штабтармен және басқармалармен әскери жиындарды жоспарлау жөніндегі келісілген ұсыныстар Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Штабтар бастықтары комитетіне жыл сайын 15 қантарға қарай ұсынылады.

68. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі Штабтар бастықтары комитетінің нұсқаулары және әскери жиындарды өткізудің жалпы жоспары негізінде штабтар мыналарды әзірлейді:

- 1) бағынысты әскери бөлімдермен әскери жиындар өткізу жоспарлары;
- 2) әскерлерді жұмылдыру даярлығы жөніндегі іс-шараларды ескере отырып, бағынысты бөлімдерде әскери міндеттілердің әскери жиындарын ұйымдастыру және өткізу мәселелері бойынша алдағы оқу жылына оқу бағдарламалары, әдістемелік ұсыныстар мен қажетті нұсқаулар;
- 3) жиындарды материалдық және қаржылық қамтамасыз етуді жоспарлау үшін Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Тыл бастығы басқармасымен және Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Экономика және қаржы департаментімен келісілген әскери міндеттілердің саны және оларды бірлестіктер, құрамалар, әскери бөлімдер бойынша әскери жиындарға тарту мерзімі туралы мәліметтер;
- 4) әскери бөлімдер үшін әскери міндеттілерді мамандықтар бойынша шақыру мөлшерін, жиындарды өткізу мерзімін көрсете отырып, әскери жиындарды, сондай-ақ жиындарды материалдық-техникалық қамтамасыз ету, оқу-жаттығу аландарын, атыс орындарын бөлу мен мемлекеттік және әскери құпияларды сақтау жөніндегі іс-шараларды өткізу жоспарлары.

Жиындарды өткізу мерзімдері облыстардың, қалалардың, аудандардың әкімдерімен келісіледі.

Әскери жиындарда әскери міндеттілерді даярлаудың жиынтық жоспары Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Штабтар бастықтары комитетіне жыл сайын 1 ақпанға қарай ұсынылады.

Әскери жиындардың жоспарларында оқу-жаттығу жиындарға тіркелген құрамдағы запастағы офицерлерді әскери бөлімдерді өрістетуден 10 күн бұрын шақыру қарастырылады. Әскери міндеттілер техникалық қызмет көрсету бөлімшелері мен бөлімдеріне жиындарды қамтамасыз етуге қажетті мөлшерде шақырылады.

69. Қазақстан Республикасы бойынша жиынтық жоспар әзірлеу үшін Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Ішкі істер министрлігі, Төтенше жағдайлар министрлігі және Республикалық ұлан құрамаларының, бөлімдері мен мекемелерінің штабтары Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Штабтар бастықтары комитетіне жыл сайын 1 ақпанға дейін қажетті есептерді ұсынады.

70. Облыстардың (республикалық маңызы бар қала мен астананың) қорғаныс істері жөніндегі департаменттеріне әскери міндеттілерді әскери бөлімдерге әскери жиындарға шақыруға нұсқаулар мен нарядтарды Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Штабтар бастықтары комитеті береді.

71. Бірлестіктердің, құрамалардың, бөлімдердің командирлері мен қорғаныс істері жөніндегі департаменттердің бастықтары облыстардың әкімдеріне (респубикалық маңызы бар қала мен астананың) алдағы жылы әскери жиындарға шақырылатын әскери міндептілердің мөлшері, шақыру мерзімі және техника жеткізу туралы мәліметтерді жеткізеді.

72. Әскери міндептілерді әскери жиындарға шақыруды Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі Штабтар бастықтары комитетінің нұсқаулары мен нарядтарының негізінде қорғаныс істері жөніндегі департаменттер (басқармалар) жүргізеді. Әдетте жұмылдыру жоспары (бойынша әскери бөлімдерге тағайындалған әскери міндептілер бірінші кезекте жиынға шақыруға жатады.

73. Қорғаныс істері жөніндегі департаменттер (басқармалар, бөлімдер) әскери міндептілерді іріктеу сапасына, әскери жиындарға уақтылы жіберуге және нарядтардың толық орындалуына жауап береді. Әскери жиындарға әскери міндептілерді іріктеуді қорғаныс істері жөніндегі департаменттер (басқармалар, бөлімдер) ресурстар дайындалып жатқан әскери бөлімдердің тиісті командирлерімен бірлесіп жүргізеді.

74. Денсаулық жағдайы, отбасы жағдайлары және өзге де себептер бойынша әскери жиындарды өткеруден босатылған әскери міндептілер тиісті мамандықтар бойынша жиындарды өткери талаптарына жауап беретін бос ресурстағы әскери міндептілермен алмастырылады.

75. Әскери міндептілерді даярлау және тапшы мамандықтар бойынша олардың әскери білімдерін жетілдіру бойынша әскери жиындарға мыналар шақырылады:

1) әскери білімдерін жетілдіру үшін - басым көпшілігі жоғарғы кәсіптік білім беру үйымдарында әскери даярлықтан өткен және офицерлер лауазымында армияда қызмет өткермеген запастағы офицерлер, сондай-ақ теориялық және практикалық әскери даярлығы төмен запастағы офицерлер. Жоғары лауазымдарға даярлау үшін әскери даярлығы жақсы және әскерлерде практикалық жұмыс тәжірибесі бар запастағы офицерлер шақырылады;

2) запастағы сержанттар мен солдаттардан офицерлер даярлау үшін: командалық бейіні бойынша - жоғары және орта арнаулы білімі бар, әскер тектерінде тиісті мамандықтар бойынша әскери қызмет өткерген және денсаулық жағдайы, іскерлік пен моральдық қасиеттері бойынша белгіленген талаптарға жауап беретін 30 жасқа дейінгі запастағы сержанттар мен солдаттар;

инженерлік-техникалық және басқа бейіндер бойынша - әскери даярлық бейініне жақын жоғары немесе арнаулы орта білімдері бар немесе осы бейін бойынша әскери қызметтік тәжірибесі бар, денсаулық жағдайы бойынша жарамды әрі іскерлік және моральдық қасиеттері бойынша талаптарға жауап

беретін 35 жасқа дейінгі сержанттар мен солдаттар;

3) әскери міндеттілерді жаңа және тапшы мамандықтар бойынша даярлау және қайта даярлау үшін - әскериге жақын азаматтық мамандықтары бар және тиісті жалпы немесе орта білімі бар 1 разрядты запастағы офицерлер, сержанттар, старшиналар, солдаттар мен матростар шақырылады.

Тапшы мамандықтарға даярлау мен жетілдіру бойынша әскери жиындарға жіберу үшін әскери міндеттілерді алдын ала іріктеу мен зерделеу қорғаныс істері жөніндегі басқармаларға (бөлімдерге) шақырусыз дербес есебін жүргізудің деректері бойынша алдын ала жүргізіледі.

Денсаулық жағдайы немесе басқа да себептер бойынша жекелеген адамдарды жиындарды өткеруден босатқан жағдайда кандидаттарды белгіленген санның асыра **іріктеу жүргізіледі**.

Режимдік бөлімдерде жиындарды өткеру үшін, сондай-ақ батальон (дивизион) командирлері орынбасарларының және оларға сәйкес әрі одан жоғары лауазымдар бойынша даярлау үшін кандидат болып іріктеліп алынған запастағы офицерлерді облыстың (республикалық маңыздығы қала мен астананың) қорғаныс істері жөніндегі департаментінің бастығы жеке өзі қарайды және бекітеді.

76. Әскери барлау мамандықтары бойынша даярлау үшін әскери жиындарға запастағы офицерлерді, сержанттар мен солдаттарды шақыру құрама штабтарының атаулы тізімдері бойынша жүргізіледі.

77. Әскери жиындарға тапшы мамандықтар бойынша даярлау және әскери білімдерін жетілдіру үшін денсаулық жағдайы және тиісті әскер тектерінде (қызметтерінде) белгілі бір лауазымдарда қызметке жарамды әскери міндеттілер жіберіледі, сол үшін жиынға жөнелту алдында олар міндетті түрде аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) және облыстық (республикалық маңызы бар қала мен астананың) шақыру комиссияларының медициналық комиссияларымен **медициналық куәландырудан өтеді**.

Тіркелген құрамды жиындарға жіберу кезінде медициналық куәландыруға тек денсаулық жағдайына шағым білдірген, сондай-ақ Әуе десанттық әскерлер, авиацияның ұшу-көтеру лауазымдарындағы және сұнгуірлер бөлімдерінің тіркелген құрамының жиындарына жіберілетін әскери міндеттілер тартылады.

Ұшу-көтерілу құрамы дәрігерлік-ұшу комиссияларында медициналық тектсеру жагады.

Медициналық тексеру нәтижелері тиісті әскери-дәрігерлік комиссиялардың анықтамалары салынатын запастағы офицерлердің жеке істерінде көрсетіледі. Запастағы сержанттар мен солдаттардың ілеспе атаулы тізімдеріндегі "Ескерту" бағанында арнаулы белгілер жасалады.

78. Рұқсат талап етілетін режимдік және басқа да бөлімдерге, мекемелер мен әскери оқу орындарына әскери жиындарға жіберуге жататын әскери міндettілердің кандидатуралары Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік ор ганда рымен келісіледі.

Келісу туралы деректер әскери міндettілердің әскери билеттеріне, жеке істері мен басқа да әскери-есептік құжаттарына белгіленген тәртіппен енгізіледі, олар әскери жиындарға шақырылғандарды аса маңызды, өте құпия және құпия жұмыстарға, техникаға және құжаттарға рұқсат ету үшін негіз болып табылады.

Егер әскери міндettінің әскери билетінде Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарының рұқсаты (келісімі) туралы тиісті белгісі болса және оның әрекет ету мерзімі бітпеген болса, жиынды режимдік бөлімдерде откеру құқығына құжаттарды қайта ресімдеу жүргізілмейді.

Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының рұқсаты (келісімі) жоқ әскери міндettілер рұқсат талап етілетін режимдік және басқа да бөлімдерге, мекемелер мен әскери оқу орындарына әскери жиындарға жіберілмейді.

79. Әскери міндettілерді тапшы мамандықтар даярлау жөніндегі әскери жиындарға шақыру үшін іріктелген кандидаттарды, сондай-ақ тіркелген құрамның жиындарына шақыру үшін іріктелген запастағы офицерлерді хабардар ету есептік деректерді тексеру және медициналық куәландаудан өткізу кейіннен жөнелту үшін келу мерзімі мен жиын ұзақтығы көрсетілген белгіленген үлгідегі шақыру қағаздарын тапсыру үшін алдын ала жүргізіледі. Кәсіпорын басшысына жіберілген хабарламада әскери міндettілердің әскери жиындарда болу мерзімі жиында болу уақыты мен әскери бөлімге дейінгі жолына және жиыннан қайтуға жұмысалатын уақытты ескере отырып көрсетіледі.

Запастағы сержанттар мен солдаттарды тіркелген құрамның әскери жиындарына шақыру туралы хабардар ету жұмылдыру жоспарында көзделген мерзімде және тәртіппен жүргізіледі.

80. Әскери міндettілерді әскери жиындарға жіберуді жергілікті әскери басқару органдары алынған нарядтарға сәйкес ұйымдастырады және жүзеге а с ы р а д ы .

Жұмылдыру жоспарларының жекелеген іс-шараларын тексеру мақсатында әскери міндettілерді тіркелген құрамның әскери жиындарына шақыру және жөнелту жұмылдыру жоспарлары есебіне сәйкес жасалған, арнайы әзірленген құжаттар бойынша жұмылдыру терминдерін көрсетпей жүргізіледі. Запастағы сержанттар мен солдаттар осы жиындарға көрсетілген есептерде көзделген мерзімде және тәртіппен, ал запастағы офицерлер, егер олар алдын ала шақырылса - таңдау тәртібімен жөнелтіледі.

Тапшы мамандықтар бойынша жетілдіру және даярлау үшін әскери жиындарға шақырылған әскери міндettілер бөлімдерге олардың жиындар

өткізілетін жерге сабактар басталуынан бір күн бұрын жетуі есебімен жөнелтіледі.

Осы әскери міндеттілерді жиындарға және кері тасымалдау темір жол немесе автомобиль көлігімен ал олар болмаған жекелеген участекерде - тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджетте көзделген Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі есебінен әуе көліктерімен жүргізілуі тиіс.

Саны 90 адамға дейінгі әскери міндеттілердің командалары темір жол көлігімен жол жүрген жағдайда жолаушы пойыздарымен тасымалданады, ал саны 90 адамнан жоғары болса, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі Штабтар бастықтары комитетінің нұсқауымен әскери эшелондармен тасымалдануы мүмкін. Эшелон бастығы болып тек офицер тағайындалады.

90 адамнан кем командаларды жөнелту кезінде команда жетекшісі әскери жиынға жол жүретін әскери міндеттілер қатарынан тағайындалады, жекелеген жағдайларда команда жетекшісі болып қорғаныс істері жөніндегі департамент бастығының шешімі бойынша жергілікті әскери басқару органдының офицері тағайындалуы мүмкін.

81. Тапшы мамандықтар даярлау бойынша әскери жиындарды өткеру үшін шақырылған әскери міндеттілерге арнап жергілікті әскери басқару органдары бөлім командирлеріне мынадай құжаттар жібереді:

- 1) запастағы офицерлерге - атаулы тізім және жеке істер;
- 2) запастағы сержанттар мен солдаттарға - атаулы тізім;
- 3) ұшу құрамына - атаулы тізім, жеке істер, ұшу және медициналық кітапшалар.

Атаулы тізімдер, ұшу және медициналық кітапшалар мөр басылған түрде команда жетекшісіне қол қойғызып табыс етіледі. Ұшу кітапшалары жок адамдар ұшу құрамын даярлау жөніндегі әскери жиындарға шақырылмайды.

82. Әскери жиындарға жіберуге жататын запастағы офицерлердің жеке істері құпия поштамен жіберіледі, ал режимдік бөлімдерге және мекемелерге атаулы тізімдер, ұшу және медициналық кітапшалар оларды бөлімдерде жиын басталардан екі күн бұрын алуын ескере отырып құпия поштамен жіберіледі.

83. Айрықша режимдік бөлімдерге жиындарға жалқы тәртіппен немесе команда құрамында жіберілетін әскери міндеттілерге үйғарым режимдік бөлімдер мен мекемелер үшін белгіленген тәртіппен беріледі. Команда жетекшісіне берілген атаулы тізімдерде команда құрамында бара жатқан әскери міндеттілердің тек тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

84. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының бөлімдері мен мекемелеріне оқу-жаттығу жиындарына әскери міндеттілерді шақыру олардың қорғаныс істері жөніндегі

департаменттерге жиындардың басталуынан бір ай бұрын жіберетін дербес тізімдер (сандық өтінімдер) бойынша жүргізіледі.

85. Әскери жиындарға шақырылған әскери міндеттілердің жауынгерлік даярлығы әдістемелік нұсқауларға және жиынның бағдарламаларына сәйкес жүргізіледі. Тіркелген құрамның және армия үшін тапшы мамандықтарды даярлау жөніндегі әскери жиындардағы барлық оқу уақыты жауынгерлік даярлық бағдарламаларына сәйкес әскери міндеттілердің әскери және арнаулы білімдерін арттыруға пайдаланылады. Техникаға қызмет көрсету жөніндегі жиындарда оқу уақытының 25 пайызы әскери міндеттілердің жауынгерлік даярлығына, қалғаны - техникаға қызмет көрсету және күтім жасау жұмыстарына бөлінеді.

86. Әскери жиындар өткізілетін әскери білімдердің командирлері запастағы офицерлердің, сержанттар мен солдаттардың жауынгерлік даярлығының ұйымдастырылуына және өткізілу сапасына, жиындардың уақтылы және толық материалдық-техникалық қамтамасыз етілуіне, оқу-жаттығу базаларын дайындауға, әскери міндеттілерді қабылдау мен жиындардан жөнелтуді ұйымдастыруға жауап береді. Құпия жұмыстарды жүргізу үшін қажетті жағдайлар жасауға және құпия құжаттардың, техника мен қару-жараптың сақталуын қамтамасыз етуге ерекше назар аударылуы тиіс. Әскери міндеттілерге құпия құжаттарды, техника мен қару-жарапты сақтау және ұстау, жеке хат алмасуды жүргізу тәртібі мен мемлекеттік және әскери құпияны сақтауға дербес жауапкершілік, жеке блокноттарында құпия жазбалар, суреттер, есептер жасауды және әскери объектілер мен құпия техниканы фото-кино түсірulerге жол бермеу жөніндегі негізгі талаптар жеткізілуі тиіс.

87. Білімдердің командирлері әскери жиындар өткізуге тапсырмалар алған

ке з д е :

1) алдын ала жиын бастығын тағайындейды және жауынгерлік даярлықты ұйымдастыру мен өткізуден тәжірибелері мен білімдері бар даярланған офицерлер мен сержанттарды оларды осы уақытқа басқа міндеттерден босатып, б ө л е д і ;

2) жиын басталардан кемінде екі ай бұрын құрамалардың тиісті штабтарының бастықтарына әскери міндеттілердің әскери жиындарын толық қамтамасыз ету үшін қажетті жетіспейтін қару-жарап, оқ-дәрі, техника және әскери мұлікке өтінімдер

ұ с ы на д ы ;

3) жиын басталардан бір апта бұрын оқу бағдарламасына және сағаттар есебіне сәйкес әскери міндеттілермен сабактардың кестесін жасайды және б ө к і т е д і ;

4) жиын басталардан екі-үш күн бұрын әскери міндеттілерді оқытуға тағайындалған офицерлермен және сержанттармен нұсқаушылық-әдістемелік

с а б а қ т а р

жүргізіледі;

5) қару-жарақ, әскери техника, оқу және көрнекі құралдардың қажетті мөлшерін бөледі және оларды жиынға бекітеді;

6) әскери міндеттілерді орналастыру үшін үй-жайларды және жеткілікті мөлшерде киім-кешек пен аяқ киімді алдын ала дайындайды;

7) әскери жиынға келген әскери міндеттілердің жеке заттарын қабылдауды үй ымдастырады;

8) әскери жиындарға взвод және бөлімшелер командирлерінің бос лауазымдарында тағылымдамадан өту үшін шақырылған запастағы офицерлермен лауазымға тағайындалу алдында және тағылымдама барысында жүйелі түрде нұсқамалық-әдістемелік сабактар жүргізеді.

88. Әскери міндеттілермен оқу процесі әскери жиындар өткізіліп жатқан, әскери бөлімдерді жарақталған жауынгерлік техниканы және қаруды пайдаланумен үйимдастырылады.

89. Әскери жиындарда әскери міндеттілердің оқу-жаттығу сабактарының ұзақтығы кадрлық құрамына бөлімдер мен олар жиын өткеріп жатқан әскери оқу орындарына арналған сияқты белгіленеді.

90. Жиындарға шақырылған барлық әскери міндеттілер казармалық жағдайда болады. Оларды бөлім орналасқан жерден босатуды рота командирлері (жиын бастықтары) Ишкі қызмет жарғысында белгіленген тәртіппен жүргізіледі. Әскери және қоғамдық тәртіпті бұзу, қылмыс жасағаны, сондай-ақ мемлекетке тигізген материалдық зияны үшін әскери жиынға шақырылған әскери міндеттілер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

91. Әскери міндеттілерді әр түрлі шаруашылық және құрылым жұмыстарына және жиын өткеруге қатысы жоқ қызмет атқаруға тартуға жол берілмейді.

92. Тіркелген құрамның әскери жиындарын өткізу кезінде әскери бөлімдердің шынайы нөмірлерімен және атауларымен, өрістетілетін және жасақталатын бөлімдер үшін белгіленген соғыс уақытының дала поштасы нөмірімен, сондай-ақ жұмылдыру жоспарының түпнұсқа құжаттарымен пайдалануға қатаң тыйым салынады. Әскери жиындар кезеңінде ресми құжаттарда және хат алмасуда әскери бөлімдер тек бейбіт уақытта оларға берілген шартты атаулар бойынша аталады. Әскери жиындар кезінде бейбіт уақытта әрекет ететін әскери бөлімдердің шартты литерлік нөмірлері жасақталатын бөлімдерге беріледі.

93. Әскери жиындарға шақырылған және бұрын әскери ант қабылдамаған әскери міндеттілер 5 күн мерзімде әскери антқа келтіріледі, ол туралы әскери билеттерінде тиісті белгі жасалады.

94. Әскери жиындар аяқталған соң тапшы мамандықтар бойынша әскери міндеттілердің өткен бағдарламалық материалдарды менгергендігін тексеру жүргізіледі және даярлық дәрежесі туралы қорытынды шығарылады. Емтихандар

(сынақтар) қабылдау үшін әскери бөлімдердің, мекемелер мен әскери оқу орындарының даярланған және тәжірибелі офицерлері қатарынан арнайы комиссиялар құрылады.

95. Әскери бөлімдер командирлері мен штабтары әскери жиындар аяқталғаннан кейін:

1) запастағы офицерлерге, сондай-ақ офицерлік құрамға даярлықтан өткен запастағы сержанттар мен солдаттарға жиындардың оқу бағдарламасын менгеру дәрежесі көрсетілген, әскери істі зерделеуге қатынасы мен танытқан моральдық қасиеттері, соғыс уақытында офицердің тағайындалуы мүмкін лауазымы, әскери-есептік мамандығы (егер офицер жаңа мамандық бойынша қайта даярлаудан өткен жағдайда) ол бойынша кезекті (бірінші) әскери атақ берілу мүмкіндігін ескеретін мінездемелер жасайды;

2) офицердің, сондай-ақ сержант пен солдаттың жеке ісінде және әскери билетінің тиісті бөлімінде жиындарды өткергендігі туралы әскери бөлім командирінің (штаб бастығының) қолымен және мөрімен расталған белгі қояды;

3) әскери жиындарды (тапшы мамандықтар немесе тіркелген құрам бойынша) табысты өткерген және онда жиын ұзақтығын, әскери-есептік мамандықтар нөмірін және алдағы уақытта ескерілуі қажет лауазымдық біліктілігін көрсете отырып, тиісті лауазымдар бойынша қажетті даярлық алған (жиындар мерзіміне қарамастан) запастағы сержанттар мен солдаттардың атаулы тізімдерін жасайды. Жиындарды өткергендігі туралы әскери билеттің тиісті тармағында әскери бөлім командирінің (штаб бастығының) қолымен және мөрімен расталған белгі қойылады;

4) жиындарда оқу бағдарламасын табысты аяқтаған және кезекті әскери атақтар беруге тұратын запастағы сержанттар мен солдаттарға әскери билетте тиісті жазба жүргізе отырып, әскери атақ береді және бүйректан көшірмені шақырылған жері бойынша жергілікті әскери басқару органдарына жібереді;

5) жиындарда пайдаланылған құпия материалдардың, техниканың, қару-жарақ пен жекелеген тораптардың, блоктардың, оларға бөлшектердің болуын тексереді;

6) әскери міндеттілерді бөлімнен салтанатты түрде шығарып салуды ұйымдастырады, ал жиындар бағдарламасын жақсы менгерген адамдарды көтөрмелейді;

7) он күн мерзімде жергілікті әскери басқару органдарына әскери жиындардан өткен запастағы офицерлердің жеке істері мен мінездемелерін және запастағы сержанттар мен солдаттардың атаулы тізімдерін жібереді.

96. Әскери бөлімге дейін және кері жол жүрген уақытын қоса алғанда, жиындар кезеңінде шақырылған әскери міндеттілердің жұмыс орны және

атқаратын лауазымы сақталады, республикалық бюджет есебінен орташа айлық жалақысы төленеді.

97. Әскери жиындарға шақырылған әскери міндептілерді тамактандыруды және тұрғылықты жерлерінен жиын өткөzetін пунктке дейін, сондай-ақ жиындар аяқталғаннан кейін тұрғылықты жерлеріне тасымалдауды қамтамасыз ету тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджетте көзделген Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің қаражаты есебінен жүргізіледі:

әскери бөлімдер (жиындар аяқталғаннан кейін) - әскери міндептілердің тұрғылықты жерлеріне дейін;

әскери бөлімдер (жиындар аяқталғаннан кейін) - әскери міндептілердің тұрғылықты жерлеріне дейін;

98. Әскери жиындарға шақырылған әскери міндептілер жиындар уақытында мұналармен қамтамасыз етіледі:

жиындарды өткізетін әскери бөлімдердің жеке құрамы үшін белгіленген үлес нормалары бойынша азық-түлікпен;

әскери міндептілердің тиісті санаттары үшін белгіленген нормалар бойынша заттай мүлікпен, әскери қызметшілермен бірдей ұйымдастырылатын медициналық қызмет көрсетумен.

99. Офицерлік құрамға даярлау үшін жиындарға шақырылатын запастағы сержанттар мен солдаттар запастағы сержанттар мен солдаттар үшін белгіленген нормалар бойынша үлестің барлық түрімен қамтамасыз етіледі.

100. Әскери міндептілердің әскери жиындарын өткізу Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің тұрларі мен тектерінің басқармалары, Қорғаныс министрлігі департаменттерінің, бас басқармалары мен басқармаларының бастықтары, өңірлік қолбасшылықтардың қолбасшылары мен құрамалар командирлері жүзеге асыратын тұрақты бақылауда болуы тиіс.

101. Бақылаудың негізгі түрі тікелей осы жиындарды өткізетін әскери бөлімдерде әскери жиындардың ұйымдастырылуы мен барысын тексеру болып табылады.

Осы мақсатта Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі қашан және кіммен, қандай мерзім ішінде, қандай әскери бөлімдерде тексеру жүргізілетінін айқындағы отырып, тексеру жүргізуі жоспарлайды.

Жауынгерлік даярлықты тексеру және әскерлерді инспекциялау кезінде әскери міндептілердің әскери жиындары міндепті түрде тексерілуі қажет.

5-тaraу. Азаматтарды жұмылдыру бойынша және соғыс уақытында әскери қызметке шақыру

102. Азаматтарды жұмылдыру бойынша және соғыс уақытында әскери қызметке шақыру Қазақстан Республикасы Президенті Жарлығының негізінде және Занда белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

103. Қазақстан Республикасының запаста тұрған, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында және министрліктердің арнайы құралымдарында тіркелген азаматтарын соғыс уақытының штаттарында көзделген әскери лауазымдарда әскери қызмет өткери немесе оларды әскери бөлімдер мен арнайы құралымдардың азаматтық персоналы лауазымдарында қызмет атқаруға жіберу үшін жұмылдыру бойынша және соғыс уақытында әскери қызметке шақыру деп мынадай іс-шаралар түсіндіреді:

- 1) жалпы немесе ішінара жұмылдыруды жариялау;
 - 2) азаматтарды жалпы немесе ішінара жұмылдыруды өткізу туралы хабардар етү;
 - 3) азаматтардың жергілікті әскери басқару органдарының алдын ала жинау пункттеріне (жиын пункттеріне) немесе тікелей әскери бөлімдерге және арнайы құралымдарға келуі (жеткізілуі);
 - 4) азаматтарды алдын ала жинау пункттерінен (жиын пункттерінен) әскери бөлімдер мен арнайы құралымдарға жеткізу;
- 5) алынып тасталды
- 6) азаматтарды әскери қызметке шақыру (жұмысқа жіберу) фактісін құжаттамалық ресімдеу.

Ескерту. 103-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.10.18. N 1005 қаулысымен.

104. Жұмылдыру бойынша және соғыс уақытында әскери қызметке шақыру (жұмысқа жіберу) Қазақстан Республикасы Конституциясының, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасында жұмылдыру даярлығы және жұмылдыру туралы" 1997 жылғы 16 маусымдағы, "Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы" 2005 жылғы 7 қаңтардағы, "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі заңдарының және мемлекет қауіпсіздігі мен қорғанысын қамтамасыз ету саласындағы өзге де нормативтік құқықтық кесімдері негізінде жүзеге асырылады.

105. Облыстың (республикалық маңызы бар қала мен астананың), ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) аумағында жалпы немесе ішінара жұмылдыру жариялау туралы бүйіректарды Қазақстан Республикасы Президентінің жалпы немесе ішінара жұмылдыру жариялау туралы Жарлығын орындау үшін және Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің тиісті бүйіреки негізінде жергілікті әскери басқару органдары шығарады.

106. Жұмылдыру бойынша және соғыс уақытында әскери қызметке шақыру (жұмысқа жіберу) әскери бөлімдер мен арнайы құралымдардың оларды соғыс уақытының үйымдары мен құрылымына көшіруді көздейтін жұмылдыру жоспарларында белгіленген көлемде жүзеге асырылады.

107. Жұмылдыру бойынша және соғыс уақытында әскери қызметке шақыруға (жұмысқа жіберуге) жататын азаматтардың келу мерзімі мен орындары әскери бөлімдер мен арнайы құралымдардың жұмылдыру жоспарларында айқындалады және азаматтарға тапсырылатын жұмылдыру үйғарымдарында және дербес шақыру қағаздарында көрсетіледі.

108. Жұмылдыру бойынша және соғыс уақытында әскери қызметке шақыруға (жұмысқа жіберуге) жататын, сондай-ақ шақырудан кейінге қалдырылған немесе шақыруға жатпайтын азаматтар санаты Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалады.

109. Азаматтарды әскери бөлімдерге тіркеуді (арнайы құралымдарға тағайындауды) тиісті жергілікті әскери басқару органдары арқылы әскери бөлімдер мен арнайы құралымдардың командирлерімен өзара әрекет ете отырып, жергілікті атқарушы органдар үйымдастырады.

Бейбіт уақытта әскери бөлімдерде және арнайы құралымдарда азаматтық персонал лауазымдарында жұмыс істейтін азаматтар осы әскери бөлімдерге бірінші кезекте тіркелуге (арнайы құралымдарға тағайындалуға) жатады.

110. Жұмылдыру бойынша және соғыс уақытында әскери қызметке жоспарлы шақыру (жұмысқа жіберу) туралы шешімді жергілікті әскери басқару органдары азаматтарға жұмылдыру үйғарымдарын тапсыру және әскери билеттерінде ол туралы тиісті белгі қою жолымен алдын ала жеткізеді. Бұдан басқа, әскери бөлімдерге тіркелген (арнайы құралымдарға тағайындалған) барлық азаматтарға, сондай-ақ жергілікті әскери басқару органдарын күшету аппараттарына тағайындалған азаматтарға тиісті жергілікті әскери басқару органдары дербес шақыру қағаздарын жазады. Жұмылдыру үйғарымдарына, дербес шақыру қағаздарына жергілікті әскери басқару органдарының бастықтары қол қояды және елтаңбалы мөрмен расталады.

Жұмылдыру үйғарымдары мен дербес шақыру қағаздары түрлерін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Штабтар бастықтары комитеті белгілейді.

111. Жұмылдыру бойынша және соғыс уақытында әскери қызметке шақыруды (жұмысқа жіберуді) жүзеге асыру үшін әрбір облыста (республикалық маңызы бар қалада және астанада), ауданда (облыстық маңызы бар қалада) жергілікті атқарушы органдардың шешімімен азаматтарды жұмылдыру жөніндегі шақыру комиссиялары құрылады.

112. Шақыру комиссияларының дербес құрамы және жұмыс тәртібі жергілікті атқарушы органдардың шешімімен бекітіледі. Жергілікті әскери басқару органының бастығы осы комиссиясының төрағасы болып тағайындалады.

Комиссия мүшелерінің бірінің болмай қалу жағдайына белгіленген тәртіппен оның резервтік құрамы бекітіледі.

113. Жергілікті атқарушы органдар жергілікті әскери басқару органдары арқылы азаматтарды жалпы немесе ішінша жұмылдыру жүргізу туралы және олардың алдын ала жиын пунктіне келуінің қажеттілігін хабардар етуді үйымдастырады және қамтамасыз етеді. Хабардар етуге үйымдардың лауазымды адамдары және жергілікті әскери басқару органдарының қүшету аппараттарына тағайындалған адамдары тартылады, бұл ретте техникалық байланыс құралдары мен хабаршылар қолданылады.

Үйымдардың басшылары азаматтарды жұмыс орындары бойынша хабардар ету үшін хабардар ету штабтарын құрады.

Жалпы немесе ішінша жұмылдыру жүргізу туралы жергілікті әскери басқару органдары бастығының бүйірін тарату үшін радиохабарынтарату желілерін, телевиденияны, өзге де бұқаралық ақпарат құралдарын, соның ішінде электрондық құралдарды қолдану тәртібі бейбіт уақытта Қазақстан Республикасы жергілікті атқарушы органдарының шешімімен айқындалады.

Азаматтардың алдын ала жиын пункттеріне немесе тікелей әскери бөлімдерге, және арнайы құралымдарға келуі (жеткізілуі) жұмылдыру ұйғарымдары және дербес шақыру қағаздары негізінде жүзеге асырылады.

114. Жұмылдыру бойынша және соғыс уақытында әскери қызметке шақырылған азаматтарды тасымалдау үшін, ең алдымен, қоғамдық жолаушылар көліктері, қала маңы поездары мен кемелері пайдаланылады. Белгіленген тәртіппен үйымдардың автокөліктері және әскери бөлімдер мен арнайы құралымдарды жасақтау үшін азаматтардан алынған автокөліктер тартылады.

Жұмылдыру бойынша және соғыс уақытында әскери қызметке шақырылған (жұмысқа жіберілген) азаматтар әскери бөлімдерді және арнаулы құралымдарды толықтыратын кездесу пункттеріне немесе жиын пункттеріне жіберіледі.

Азаматтарды алдын ала жиын пункттерінен шығу кезінде алып жүру үшін және әскери бөлімдер мен арнайы құралымдарға тапсыру үшін әр командаға әскери қызметке шақыруға (жұмысқа жіберуге) жатпайтын запастағы офицер, сержант және старшина атақтары бар азаматтардан бастық тағайындалады.

Жұмылдыру бойынша және соғыс уақытында әскери қызметке шақырылған (жұмысқа жіберілген) азаматтарды әскери бөлімдерге немесе арнайы

құралымдарға тапсыру әскери бөлімдердің немесе арнайы құралымдардың жеке құрамын қабылдау пункттерінде немесе тікелей алдын ала жиын пункттерінде өткізіледі.

115. Алдын ала жиын пункттері арқылы, әдетте, облыс аумағынан (республикалық маңызы бар қалалар мен астанадан) тыс орналасқан әскери бөлімдерге тіркелген (арнайы құралымдарға тағайындалған) азаматтарды жөнелту жүзеге асырылады.

116. Тікелей әскери бөлімдерге немесе арнайы құралымдарға жұмылдыру бойынша және соғыс уақытында әскери қызметке шақырылған (жұмысқа жіберілген) мына азаматтар жіберілуі мүмкін:

1) әскери бөлімдерде және арнайы құрамаларда соғыс уақытының үйымдары мен құрылымына көшіру кезіндегі бірінші кезекті жұмыстарды орындауға тартастындар;

2) бейбіт уақытта әскери бөлімдердің және арнайы құралымдардың азаматтық персонал штаттық лауазымдарында немесе жалдау бойынша (штаттық кестемен) жұмыс істейтіндер және оларға тіркелгендер.

117. Жұмылдыру бойынша және соғыс уақытында әскери қызметке шақырылған (жұмысқа жіберілген) ауылды жерлерде тұратын азаматтардың жиындарын және олардың алдын ала жиын пункттеріне жеткізілуін поселкенің, ауылдың (селоның), ауылдық (селолық) округтердің әкімдері (бұдан әрі - әкімдер) жүргізеді. Көрсетілген азаматтарды алдын ала жиын пункттеріне тапсыру әкімдермен расталған атаулы тізімдер бойынша жүзеге асырылады. Атаулы тізімдермен бір мезгілде хабардар етілмеген азаматтардың хабардар етілмеу себептерінің көрсетілуімен дербес шақыру қағаздары ұсынылады. Атаулы тізім үлгісін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Штабтар бастықтары комитеті белгілейді.

118. Жұмылдыру бойынша және соғыс уақытында азаматтарды әскери қызметке шақыруды және оларды жұмысқа жіберуді (оның ішінде ерікті түрде де) жергілікті әскери басқару органдары жүзеге асырады.

119. Әскери бөлімдерге тіркелген (арнаулы құралымдарға тағайындалған) азаматтарды жұмылдыру бойынша және соғыс уақытында әскери қызметке шақыру (жұмысқа жіберу) мүмкін болмаған жағдайда жұмылдыру ұйғарымы жоқ азаматтарды әскери қызметке шақыру (жұмысқа жіберу) жүзеге асырылады. Аталған азаматтар толық және сапалы жасақтау мақсатында әскери бөлімдер мен арнайы құралымдарға жіберіледі.

120. Жұмылдыру бойынша және соғыс уақытында әскери қызметке шақырылған (жұмысқа жіберілген) азаматтардың төлкүжаттары және өзге де құжаттары алынбайды.

121. Азамат жұмылдыру бойынша және соғыс уақытында әскери қызметке шақырылды (жұмысқа қабылданды) деп оның әскери есепке алу құжаттарында шақыру (жұмысқа қабылдау) фактісі ресімделгенен кейін және азаматтың әскери бөлім немесе арнайы құралым тізіміне енгізілуі және әскери лауазымға (азаматтық персонал лауазымына) тағайындалуы туралы бүйрықта әскери бөлімнің немесе арнайы құралымның командирі қол қойғаннан кейін есептеледі.

122. Ұйымдар басшылары жұмылдыру бойынша және соғыс уақытында әскери қызметке шақырылған (жұмысқа жіберілген) азаматтарды жергілікті әскери басқару органдарынан алынған хабарламалар негізінде белгіленген тәртіппен жұмыстан шығарады.

Азаматтарды әскери қызметке
шақыруды ұйымдастыру және
өткізу ережесіне

1-қосымша

Корғаныс істері жөніндегі басқарма (бөлім) мөртаңбасы

Анықтама

Қолдаухатқа сәйкес _____

(министрлік, ведомство атавы)

19__ жылы туған азамат _____

20__ ж."__" 20__ ж."__" дейінгі кезеңге шетелге
қызметтік іссапарға жіберіледі.

Іссапар мерзімі аяқталғаннан кейін, бірақ 20__ ж."__"
кешіктірмей азамат _____

Қазақстан Республикасының "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Занына сәйкес мерзімді әскери қызметке шақырылу үшін қорғаныс істері жөніндегі басқармаға (бөлімге) келуге міндетті.

Азамат _____

شاқыру участкесіне тіркелуі туралы куәлігі

қорғаныс істері жөніндегі басқармада (бөлімде) сакталады

Корғаныс істері жөніндегі басқарма (бөлім) бастығы

(әскери атағы, қолы)

М.О.

Шақыру бөлімінің (бөлімшесінің) бастығы _____

(әскери атағы, (қолы)

Әскерге шақырылушының шетелге қызметтік іссапарға шығуы, оның Қазақстан Республикасына оралу мерзімі туралы ресімделетін министрліктің (ведомствоның) белгісі 20 ж.""

М . О .

(қолы)

Азаматтарды әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру және өткізу ережесіне

2-қосымша

Әскерге шақырылушының (әскери қызметшінің) отбасы жағдайын тексеру актісі

20 ж.""

1. Қорғаныс істері жөніндегі басқарма (бөлім) өкілі

(әскери атағы, лауазымы, аты-жөні)

, жергілікті атқарушы орган өкілі

(лауазымы, аты - жөні)

білім беру үйімінің және басқа да үйімдардың өкілі

(лауазымы, аты-жөні)

құрамындағы комиссия

(әскерге шақырылушының (әскери қызметшінің) аты-жөні, туған жылы)

отбасы жағдайына тексеру жүргізді

2. Әскери бөлімнің шартты атауы және мекен-жайы

3. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштеріне, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарына қандай шақыру комиссиясымен шақырылған

4. Әскери бөлімге қашан жөнелтілді (жылы, айы)

5. Қайда жұмыс істеді (жоқ), оқиды (оқыған)

(лауазымы, жалақы мөлшері, оқу орнының сыныбы, курс нөмірі)

6. Әскерге шақырылуға дейін асыраудың кімді ұстады немесе ұстайды

7. Тексерген күні әскерге шақырылушының (әскери қызметшінің) отбасы

P/c N	Т.А.Ә.	Тұған жылы	Тұыстық қатынасы	Тұрған жері	Денсаулық жағдайы (мүгедектік тобы)	Лауазымы, жалақы (зейнетақы) мөлшері
1	2	3	4	5	6	7

8. Әскерге шақырылушының (әскери қызметшінің) тұрғын үймен қамтамасыз етілуі _____

9. Әскерге шақырылушының (әскери қызметшінің) отбасының күнкөріс қаражатының көзі _____

10. Ата-аналарынан бөлек тұратын аға-інілері мен апа-қарындастары _____

P/c N	Т.А.Ә.	Тұған жылы	Тұыстық қатынасы	Тұрған жері	Денсаулық жағдайы (мүгедектік тобы)	Лауазымы, жалақы (зейнетақы) мөлшері
1	2	3	4	5	6	7

11. Әскерге шақырылушының (әскери қызметшінің) ата-анасына ага-інілері мен апа-қарындастары жағынан қандай көмек көрсетіледі _____

12. Әскерге шақырылушының (әскери қызметшінің) отбасының мұқтаждығы, отбасына кіммен және қандай материалдық көмек көрсетілді немесе көрсетілуде _____

13. Әскерге шақырылушының (әскери қызметшінің) отбасылық жағдайына тексеру жүргізуші комиссияның қорытындылары және ұсыныстары _____

К о м и с с и я

мүшелерінің

қ о л ы :

14. Қорғаныс істері жөніндегі басқарма (бөлім) бастығының қорытындысы _____

М

О

Қорғаныс істері жөніндегі басқарма(бөлім) бастығы

(әскери атағы, қолы)

20 ____ ж. " ____ "

15. Қорғаныс істері жөніндегі департамент бастығының қорытындысы

М.О.

Қорғаныс істері жөніндегі департамент бастығы

(әскери атағы, қолы)

20 ____ ж. " ____ "

Азаматтарды әскери қызметке
шақыруды ұйымдастыру және
өткізу ережесіне

3-қосымша

Оқу орнының мөртәнбасы

Анықтама

19 ____ жылы тұған әскерге шақырылуши _____

(аты-жөні)

20 ____ жылы _____
_____ түсті және қазіргі кезде

(оқу орнының толық атауы)
күндізгі, кешкі (сырттай) бөлімінің _____ курсында (сыныбында)
оқитындығы туралы берілді.

Оқу орнын бітіру мерзімі 20 ____ ж.
(айы)

Анықтама _____
(қорғаныс істері жөніндегі басқарма (бөлім) атауы

(оку орны басшысының немесе орынбасарының қолы)

M.Q.

Анықтаманы толтыру бойынша түсіндірме

1. Анықтама оқу орнының қызметтік құжаттарды есепке алу журналына тіркелуі және әскерге шақырылушыға қолхатпен берілуі тиіс.

2. Анықтама алғашқы аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) шақыру комиссиясынан өту кезінде әскери есепте тұрған қорғаныс істері жөніндегі басқармаға (бөлімге) әскерге шақырылуышының өз қолымен тапсырылады.

3. Анықтамаға оқу орны басшысының немесе басшы орынбасарының қолы қойылады және елтаңбалы мөрмен бекітіледі.

4. Кейіннен қорғаныс істері жөніндегі басқармалар (бөлімдер) жыл сайын 1 қазанға дейін тиісті білім беру үйымдарынан әскерге шақырылушылардың оқуын жалғастыруын растайтын анықтамаға сұраныс жасайды. Көрсетілген анықтамалар әскерге шақырылушының жеке ісіне т і г і л е д і .

Азаматтарды әскери қызметке
шақыруды үйымдастыру және
өткізу ережесіне

4-көсүмшә

2 0 Ж ы л ғ ы

Н тізімдеме бойынша есепке алынды

Аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) шақыру комиссиясының хаттамалар кітабы

облысы

ауданының (қаласының)

20 ж." " басталды.

20 ж." " аяқталды.

200 ж." барлығы әскерге шақырылудан ____ адам өтті.
О ның i ш i н д e :

- а) әскери қызметке жарамдысы ____ адам;
б) денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметке уақытша жарамсызы ____ адам;
в) бейбіт уақытта әскери қызметке жарамсыз, соғыс уақытында шектеумен жарамдысы ____ адам;
г) әскери есептен шығарумен әскери қызметке жарамсызы ____ адам;
д) стационарлық тексеруге жіберілгені ____ адам;
____ адамның әскери қызметке жарамдысы:

- а) мерзімді әскери қызметке шақырылғаны ____ адам;
б) мерзімді әскери қызметке шақырудан кейінге қалдырылғаны ____ адам;

о ның i ш i н д e :

- а) отбасы жағдайы бойынша ____ адам;
б) білімін жалғастыру үшін ____ адам;
в) басқа да себептермен ____ адам;

Шақыру комиссиясының төрағасы _____
(лауазымы, қолы)

Шақыру комиссиясы төрағасының орынбасары _____
(лауазымы, қолы)

Комиссия мүшелері: _____
(л а у а з ы м ы , қ о л ы)

_____ (л а у а з ы м ы , қ о л ы)

Дәрігерлер _____
(қ о л ы)

_____ (қ о л ы)

Комиссия хатшысы _____
(қолы)

Әскерге шақыру аяқталғаннан кейін шақыру комиссиясының хаттамалар кітабында азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыру нәтижесінің жалпы қорытындысы мынадай үлгі бойынша жүргізіледі:

Хаттама нөмірі	Күні	Шақыру комиссиясы	Әскери қызметке	Кейінге қалды-	Бейбіт уақытта әскери қызметке жарамсыздары, соғыс уақытында	Әскери қызметке	

		нан өтті	жарамдыларырылды	шектеумен жарамдылары	есептөн шығарумен жарамсызы	Тексерілуге жіберілгені	
1	2	3	4	5	6	7	8
Барлығы							
Тексерілуге жіберілгендерден анықталғаны							
1	2	3	4	5	6	7	8
Жиыны							
Пайыз							

Аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) шақыру комиссиясының хаттамалар кітабын жүргізу жөніндегі түсіндірмелер

1. Шақыру комиссиясының хаттамалар кітабы қатаң есептегі құжат болып табылады. Ол нөмірленген, тігілген болуға, оған қорғаныс істері жөніндегі басқарма (бөлім) бастығының қолы қойылған, қорғаныс істері жөніндегі басқарманың (бөлімнің) елтаңбалық мөрімен расталуға тиіс және мұрағатқа еткізілгеннен кейінгі 15 жыл бойы қызмет бабында пайдалануға арналған құжаттар құқығында сақталады. Адамдарға осы кітаппен жұмыс істеуге рұқсат ету қатаң шектеулі және қорғаныс істері жөніндегі басқарма (бөлім) бастығының бұйрығымен **жариялануға тиіс.**

2. Кітапқа жазбаларды медициналық бикелер қатарынан осы үшін арнайы дайындалған комиссия хатшысы жүргізеді. Барлық жазбалар сиямен анық және ұқыпты жүргізіледі. Өшірулер жүргізуге, сондай-ақ жазбалардың арасынан бос орын қалдыруға рұқсат етілмейді. Жіберілген қателер сиямен жөнделеді, қорғаныс істері жөніндегі басқарма (бөлім) бастығы қол қояды және қорғаныс істері жөніндегі басқарманың (бөлімнің) елтаңбалық мөрімен расталады.

3. Кітапқа бір күн ішінде шақыру комиссиясынан өткен, соның ішінде қосымша тексеруге жіберілген барлық әскерге шақырылуышылар енгізіледі. Тексерілуден қайтқан әскери шақырылуышылар шақыру комиссиясы түпкі шешім қабылдайтын күнге қайта жазылады. Екі жағдайда да кітапта тиісті жазбалар **жүргізіледі:**

тексерілуге жіберілген кезде 6-бағанға: "N__ қалалық ауруханаға қосымша тексерілуге жіберілсін, ал шақыру комиссиясынан қайта өткеннен кейін:»" Шақырылудан өтті" 200__ ж. __ N__ хаттама" деп жазылады;

шақырылудан қайта өту кезінде кітаптың 2-бағанында аты-жөнінен төмен мыналар жазылады:»"Қайтадан, 20__ ж." __ N__ хаттаманы қарашыз . "

4. Егер шақыру комиссиясы шешімінің күшін жою қажет болса, онда кітаптағы осы шешім сзылмайды, "Шешім күшін жойды 20_ж." " _____ N _____ хаттаманы қараңыз" деп жазылады. Эскерге шақырылуши кітапқа қайта жазылады. Кітаптың 6-бағанына хаттамадағы шешімі жойылсын (жою себебі көрсетілсін) мыналар жазылсын:»"Шақыру комиссиясының 20_ж." " _____ N _____ хаттамадағы шешімі жойылсын (жою себебі көрсетілсін)" және бұдан әрі шақыру комиссиясының жаңа шешімі жазылады.

5. Эскерге шақырылушиларды арнайы командаларға қабылдау кезінде әскер тегін көрсеткеннен кейін осы командалардың нөмірлері көрсетіледі.

6. Хаттамалардағы реттік нөмірлері: алымы - берілген хаттаманың реттік нөмірі, бөлімі (N 2 хаттамадан бастап) - шақырудың басынан бері шақыру комиссиясынан өткендердің реттік нөмірі.

Мысалы, егер бірінші күні шақыру комиссиясынан 50 адам өтсе, онда N 2 хаттамада бірінші әскерге шақырылушиның тұсына N 1/51 қойылады, бесіншінің тұсына -N 5/55 және т.с.с.

Азаматтарды әскери қызметке
шақыруды ұйымдастыру және
өткізу ережесіне

5-қосымша

корғаныс істері жөніндегі басқармадан (бөлімнен)
әскерлерге жөнелту үшін облыстық жиын пунктіне
жіберілген N _____ әскери командаға

атаулы тізімі

P/c N	T.А.Ә.	Тұған жылы	Тагайындалды	Әскери мамандығы	Қ1Б (Қ1Б) әскерлерге жөнелту үшін келді (күні, айы, жылы)	Командасының нөмірі, қашан және қандай әскери эшелонмен (командамен) әскерлерге жөнелтілді	Ескерту
1	2	3	4	5	6	7	8

м.о Корғаныс істері жөніндегі басқарма (бөлім) бастығы

(әскери атағы, қолы)

Атаулы тізімнің жасалуы бойынша түсіндірмелер

1. Атаулы тізімді қорғаныс істері жөніндегі басқарма (бөлім) әрбір жөнелтілген командаға үш данадан жасайды.
2. Тізімде қорғаныс істері жөніндегі департаменттің әрбір әскери команда үшін белгілекен нөмір көрсетіледі.

3. Эскерге шақырылушыларды режимдік бөлімдерге жіберген кезде 4-бағанда Штабтар бастықтары комитеті белгілеген команда нөмірі көрсетіледі. Мысалы: "К-100, К-900 - оқу-жаттығу".

4. 7-баған облыстық жиын пунктінде тізімнің бірінші және екінші даналарында толтырылады. Осы бағанда әрбір тегінің тұсына қорғаныс істері жөніндегі департамент командасының нөмірі, эскерге шақырылушы қашан және қандай әскери командамен әскерлерге жөнелтілгені көрсетіледі.

Азаматтарды әскери қызметке
шақыруды ұйымдастыру және
өткізу ережесіне

6-қосымша

20_ _ жылғы

N_ _ _ _

тізімдеме бойынша есепке алынады

Қорғаныс істері жөніндегі басқармаларға (бөлімдерге)

облыстық жиын пунктінен қайтарылған әскерге

شاқырылушыларды есепке алу кітабы

P/c N №	Тегі, аты, екесінің аты	Тұған жылы	Әскерге шақырылышы қайтарылған қорғаныс істері жөніндегі басқарманың (бөлімнің) атауы	Қайтарылу себебі

20_ _ ж. " _ " _ _ _ . »

Облыстық жиын пунктінің бастығы

(әскери атағы, қолы)

Кітапты жүргізу бойынша түсіндірме

1. Облыстық жиын пунктінен қайтарылған барлық әскерге шақырылушылар кітапқа жазылады.
2. Кітапқа жазуды облыстық жиын пунктінің бастығы жүзеге асырады.
3. Кітап қорғаныс істері жөніндегі департаментте 10 жыл сақталады.

20_ _ ж. " _ " _ _ _ басталды.

20_ _ ж. " _ " _ _ _ аяқталды.

Азаматтарды әскери қызметке
шақыруды ұйымдастыру және
өткізу ережесіне

7-қосымша

Қорғаныс істері жөніндегі

департаменттің мөртәнбасы

қорғаныс істері жөніндегі департамент (бөлім)

б а с т ы ф ы н а

шакырылушы

(аты, әкесінің аты, тегі)

облыстық жиын пунктінен әскерге

(себебі көрсетілсін)

шақыру комиссиясында қайта қаруу үшін қайтарылды.

Қосымша:

(құжаттар тізбесі)

Корғаныс істері жөніндегі департамент бастыры

(әскери атағы, қолы)

Азаматтарды әскери қызметке
шақыруды ұйымдастыру және
өткізу ережесіне

8-қосымша

20-жылғы
есепке

N

тізімдеме

бойынша

а л ы н д ы

Облыстық (республикалық маңызы бар қаланың және астананың) шақыру комиссиясының хаттамалар кітабы

20 ж." " басталды.

20 ж." " аяқталды.

P/c N №	Тегі, аты, әкесінің аты	Тұған жылы	Қа й аудандық шакыру комиссиясы және қашан куәландырды .	Шағымдар (әскерге шакырылуышының басқа да өтініштері) Комиссияның шешімі	Объективті, зертханалық және аспаппен тексеру деректері, диагнозы	Облыстық әскерге шакыру комиссиясының шешімі	Ескеrtу
1	2	3	4	5	6	7	8

20 __ ж. " __ " _____ N _____ хаттама

20 ж. " " барлығы адам күэландырылды.

С о н ы н

і ш і н л е .

аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) шақыру комиссиясының _____
шешімі бекітілді;

аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) шақыру комиссиясының _____
шешімі бекітілмәді;

Олардың ішінде танылды:
әскери қызметке жарамдысы _____ адам;

бейбіт уақытта әскери қызметке жарамдысы _____ адам;
соғыс уақытында шектеумен жарамдысы _____ адам;

әскери қызметке әскери есептен шығарумен жарамдысы _____ адам;
стационарлық тексерілуге мұқтаж _____ адам;

әскерге шақыруды кейінге қалдыруға мұқтаж _____ адам;
Комиссия төрағасы _____

(әскери атағы, лауазымы, қолы)

Комиссия төрағасының орынбасары:

(лауазымы, қолы)

Комиссия мүшелері: _____

(лауазымы, қолы)

дәрігерлер _____
(қолы)

(қолы)

Комиссия хатшысы _____
(қолы)

Ескертпе.

Облыстық шақыру комиссиясының хаттамалар кітабын жүргізу жөніндегі
талаптар аудандық шақыру комиссиясының хаттамаларын жүргізумен
бірдей.

Азаматтарды әскери қызметке
шақыруды ұйымдастыру және
өткізу ережесіне

9-қосымша

корғаныс істері жөніндегі департаментінің
жиын пунктінен _____ өңірлік қолбасшылығының,
Қазақстан Республикасының әскерлері мен әскери құралымдарының
қабылдау пункті бастығының қарамағына N_____ әскери эшелонмен
(командамен) жіберілетін әскери командаға

а т а у л ы т і з і м

темір жолының

станциясы

P/c N №	T.A.Ә	Туған жылы	Қандай қорғаныс істері жөніндегі басқарма бөлім) әскерге шакырды	Тағайындалды	Әскери мамандығы	Қорғаныс істері жөніндегі (бөлімге) әскерлерге жөнелту үшін келді (күні, айы, жылы)	Қандай жас буынды қабылдау пунктіне (қандай әскери бөлімге) жөнелтілді
1	2	3	4	5	6	7	8

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК